

**НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР ФАКУЛЬТЕТІ
ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ АУДАРМА ІСІ КАФЕДРАСЫ**

Университеттің Ғылыми кеңесінде
қаралып, бекітілді.
№ 4 хаттама.
«28» 11 2022 ж.




Университет ректоры,
доктор, профессор
М.Ш. Жинди

2022-2023 оқу жылына арналған
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ


6B02306– «Аударма ісі»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(4 жылдық күндізгі бөлім)

АЛМАТЫ, 2022

Білім беру бағдарламасы Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында дайындалып, талқыланды. Хаттама №4 25.11.2022 ж.

Кафедра меңгерушісі м.а., А.Ж. Акшолокова 

Тілдер және гуманитарлық пәндер факультеті кеңесінде талқыланып, мақұлданды. Хаттама №3 25.11.2022 ж

Факультет деканы Мухаммад Салахутдин Ахмед Сәлем 

Академиялық комитет мәжілісінде талқыланды және мақұлданды.

Хаттама №4 25.11.2022 ж

Академиялық комитет хатшысы М.А. Жолмаганбетова 

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама №4 28.11.2022 ж

I семестр

Міндетті пәндер:

- 1) КТ 1101 Қазақстан тарихы – 5 кредит
- 2) ShT 1103 Шетел тілі – 5 кредит
- 3) К(О)Т 1104 Қазақ (орыс) тілі – 5 кредит
- 4) DSh 1106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 5) BShTPK 1201 Базалық шетел тілінің практикалық курсы -1 – 6 кредит
- 6) Din 1206 Дінтану – 3 кредит
- 7) Psi 1107 Психология – 2 кредит

II семестр

Міндетті пәндер:

- 1) ShT 1103 Шетел тілі – 5 кредит
- 2) К(О)Т 1104 Қазақ (орыс) тілі – 5 кредит
- 3) Mad 1107 Мәдениеттану – 2 кредит
- 4) DSh 1106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 5) EOK 1108 Экология және өмір қауіпсіздігі – 5 кредит
- 6) BShTPK 1202 Базалық шетел тілінің практикалық курсы -2 – 5 кредит
- 7) KK 1207 Құран Кәрім - 3 кредит
- 8) OP 1205 Оқу практикасы – 1 кредит
- 9) Ale 1107 Әлеуметтану – 2 кредит
- 10) Saya 1107 Саясаттану – 2 кредит

III семестр

Міндетті пәндер:

- 1) Fil 2102 Философия - 5 кредит
- 2) IC 2105 Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (ағыл.тілінде) – 5 кредит
- 3) DSh 2106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 4) BShTPK 2203 Базалық шетел тілінің практикалық курсы -3 – 5 кредит
- 5) EShT 2209 Екінші шетел тілі (A1) - 5 кредит
- 6) IsT 1208 Ислам теологиясы - 3 кредит

Элективті пәндер:

1. NShTS 2213 Негізгі шетел тілінің синтаксисі - 5 кредит

Мақсаты: болашақ мамандарды қазіргі заманғы шет тілі ерекшеліктері мен грамматика заңдылықтарымен таныстыру. Нормативті функционалдық грамматика мен тілдегі грамматикалық жүйесін қалыптастыру.

Мазмұны:

Грамматикалық теориясы элементтерін жүйелендіру, нормативтік жүйесінде қазіргі заманғы оқытылатын шетел тілдерінің грамматикалық құрылымының бастауыш компоненттерін толық деңгейде үйреніп, ана тілінің грамматикалық құрылымымен салыстыра білу.

Нәтижесі:

-Білімі: студенттер, оқыған тілінің грамматикалық құрылымындағы неғұрлым маңызды және типтік құбылыстарды түсіндіруге қабілетті болуы тиіс

-Білігі: оқылатын шетел тілі мен ана тілдерінде фактілерді және басқа да құбылыстарды салыстыруға, қазіргі оқытылатын шетел тілдеріндегі грамматикалық құрылымының барлық компоненттерін қолдану.

-Құзыреті: пән мазмұнына қатысты түрлі ережелер бойынша қысқаша қайыруға, шетел тілінің бастапқы деңгейдегі қағидаларын меңгеруді.

2. NShKG 2213 Негізгі шетел тілінің қолданбалы грамматикасы – 1 - 5 кредит

Мақсаты: негізгі шетел тілінің грамматикалық құбылыстарындағы практикалық дағдыларын қолдану барысында дамыту, коммуникативті құзыреттілік, сонымен қатар тіл мен сөйлеудің грамматикалық жүйесінің тұтас идеясын қолданбалы грамматика практикумыда қалыптастыру.

Мазмұны: Сөз таптары. Сөзжасам зат және сын есімдер. Жай сөйлем және оның түрлері. Құрмалас сөйлем.

Нәтижесі:

-Білімі: шетел тілінің қолданбалы грамматикалық құбылыстарын біледі.

-Білігі: негізгі шетел тілінің қолданбалы грамматикаға қатысы бар барлық қағидағарды және оларды қолдану, дамыту.

-Құзыреті: қолданбалы грамматикалық материалды диалогтық және монолог түрінде дұрыс қолдану.

Пререквизиттер: ShT 1103 Шетел тілі, BShTPK 1201 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-1

Постреквизиттер: BShTPK 2204 Базалық шетел тілінің практикалық курсы -4

IV семестр

Міндетті пәндер:

- 1) DSh 2106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 2) BShTPK 2204 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-4 – 5 кредит
- 3) EShT 2210 Екінші шетел тілі (A2) - 5 кредит
- 4) МК 2301 Мамандыққа кіріспе - 3 кредит
- 5) ААР 2303 Ауызша аударма практикасы - 3 кредит

Элективті пәндер:

1. OShTAT 2216 Оқытылатын шетел тілі әдебиетінің тарихы - 4 кредит

Мақсаты: Оқытылатын шетел тілі халықтары әдебиетінің қалыптасу тарихын, оның әдебиетіне әсер еткен осы елдің мәдениетін, дәстүрін қалыптастыруға бағытталған.

Мазмұны: Оқытылатын шетел тілі халқының тарихи дамуы, оның қазіргі жағдайы, соның ішінде негізгі зерттелетін тіл елдеріндегі әдеби процесінің кезеңдік жүйесі жайындағы мәліметтерді, әр әдеби кезеңдердің ерекшеліктері мен көркем шығармаларды оқуға бағытталған.

Нәтиже:

-Білімі: Оқытылатын шетел тілі әдебиеті тарихын, шығармаларын талдап, жанрын анықтау, ерекшеліктері мен әдебиеттің әдеби бағытын анықтау

-Білігі: Оқытылатын шетел әдебиеті тарихын, пайда болу, даму, қалыптасу кезеңдері мен ерекшеліктерін игеру.

-Құзыреті: Оқытылатын шетел тілі әдебиеті тарихын салыстыра зерттеп, негізгі даталарын, тарихи оқиғаларды саралау.

Пререквизиттер: BShTPK 2203 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-3

Постреквизиттер: OShTShO 3902 Оқытылатын шетел тілінің шешендік өнері және аударма / KShOA 3105 Қолданбалы шешендік өнер және аударма

2. OShTO 2216 Оқытылатын шетел тілінің өркениеті - 4 кредит

Мақсаты: Оқытылатын шетел тілінің өркениеті тарихымен таныстыру.

Мазмұны: Оқытылатын шетел тілінің өркениеті тарихы, мұсылман өркениетінің

әлем өркениетіне қосқан үлесі, мәдениет және ғылым салаларындағы араб-мұсылман ғалымдардың жетістіктері, қазақ далсынан шыққан ғалымдардың оқытылатын шетел тілі еліне және әлем өркениетінде қосқан үлестері, мораль және әлеуметтік институттары.

Нәтиже:

-Білімі: Оқытылатын шетел тілінің өркениеті тарихын, оқытылатын шетел тілі елінің ғалымдардың әлем өркениетінің дамуына қосқан үлесін білу.

-Білігі: Оқытылатын шетел тілінің ірі тұлғаларының еңбектерін, жетістіктерін, әлем өркениетіне қосқан үлесін бағалай алу.

-Құзыреті: пән аясында танысқан еңбектер мен тарихи оқиғаларға қатысты өзінің сыни көзқарасын жеткізуге құзыретті болу.

Пререквизиттер: BShTPK 2203 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-3

Постреквизиттер: OShTShO 3902 Оқытылатын шетел тілінің шешендік өнері және аударма / KShOA 3105 Қолданбалы шешендік өнер және аударма

1. NShTM 2214 Негізгі шетел тілі морфологиясы - 4 кредит

Мақсаты: Мақсаты: болашақ мамандарды қазіргі заманғы шет тілі ерекшеліктері мен грамматика заңдылықтарымен тереңірек таныстыру. Функционалдық грамматиканың қыр-сырларын мен тілдегі грамматика жүйесін ауқымды оқыту.

Мазмұны: Грамматикалық теориясы элементтерін жүйелендіру, нормативтік жүйесінде қазіргі заманғы оқытылатын шетел тілдерінің грамматикалық құрылымының жалғастырушы компоненттерін толық деңгейде үйреніп, ана тілінің грамматикалық құрылымымен салыстыра түсіндіре білу.

Нәтиже:

-Білімі: студенттер, оқыған тілінің грамматикалық құрылымындағы неғұрлым күрделі және орта типтік құбылыстарды түсіндіруге қабілетті болуы тиіс

-Білігі: оқылатын шетел тілі мен ана тілдерінде фактілерді және басқа да құбылыстарды салыстыруға, оқып жатқан шет тілдерінің қазіргі грамматикалық

құрылымының салыстырмалы күрделі компоненттерін қолданып білу.

-Құзыреті: пән мазмұнына қатысты күрделі ережелер бойынша еркін қайыруға, шетел тілінің орта деңгейдегі қағидаларын білу керек.

Пререквизиттер: NShTK 2107 Негізгі шетел тілі қағидалары – 1 / NShKG 2213 Негізгі шетел тілінің қолданбалы грамматикасы – 1

Постреквизиттер: BShTPK 2204 Шетел тілінің практикалық курсы-4

2. NShKG 2214 Негізгі шетел тілінің қолданбалы грамматикасы – 2 – 4 кредит

Мақсаты: оқытылатын шетел тілдеріндегі орта деңгейдегі қолданбалы грамматика мазмұнымен құрлымын біліп, іс-жүзінде қолдану.

Мазмұны: Зат есім. Сын есім. Артикль. Есімдік. Етістік. Модальды етістіктер. Үстеу. Сан есім. Етістіктің дара емес түрі. Синтаксис (сөйлемнің түрлері, құрылымы, ұсыныстар, құрмалас сөйлем). Бірықсыз етіс.

Нәтиже:

-Білімі:

- оқытылатын шетел тілі грамматикасының негізгі түсініктері;
- оқытылатын шетел тілінің грамматикалық құрылымы;
- грамматикалық құбылыстарды қолданудың негізгі ережелері;
- оқытылатын шетел тілі грамматикасының негізгі бөлімдері;

-Білігі: грамматика бойынша теориялық білімдерін қарым-қатынас қажеттіліктеріне сәйкес қолдану;

- өткен грамматикалық құрылымдарды ауызша сөйлеуде де, жазбаша түрде де қолдану

-Құзыреті:

- зерттелген грамматикалық құрылымдар мен құбылыстарды қолдану дағдылары;
- оқытылатын шетел тілінде грамматикалық дұрыс сөйлеу дағдылары.

Пререквизиттер: NShTK 2107 Негізгі шетел тілі қағидалары – 1 / NShKG 2213 Негізгі шетел тілінің қолданбалы грамматикасы – 1

Постреквизиттер: BShTPK 2204 Шетел тілінің практикалық курсы-4

1. IA 2218 Идиомалық аударма- 4 кредит

Мақсаты: студенттерді аударманың техникасы мен әдістемесі, аударма тәжірибесінің өзекті мәселелері, аударманың негізгі аспектілері мен қиындықтары туралы біліммен қаруландыру.

Мазмұны: Аударма – адам қызметінің ең көне түрлерінің бірі, ол күрделі және көп қырлы процесс. Кез келген аударманың міндеті – түпнұсқаның мазмұнын басқа тілдің көмегімен тұтас және дәл жеткізу. Аударма процесінде аудармашы қолайлы балама табуда үнемі қиындықтарға тап болады және бұл ізденіс әрқашан сәтті болмайды. Сол себепті, “Идиомалық аударма” пәні студенттерді практикада өрескел, күрделі қателер болдырмауға, яғни бастапқы мәтіннің хабарламасы бастапқы мәтінде берілген жолмен қалмай, аударма тілінің авторы қалай жеткізсе, сол жолмен беруді үйретеді.

Нәтижесі:

-Білімі: аудармада сәтті балама табудың негізгі жолдарын және аударманың негізгі әдіс-тәсілдерін қолдана білу.

-Білігі: аударма процесіндегі ықтимал когнитивтік диссонанс пен сәйкессіздіктерді және оларды жеңу жолдарын болжау дағдыларын дамыту.

Құзыреті: аударманың түрлеріне қарай қажетті эквиваленттілік пен репрезентативтілік деңгейіне жету үшін аударудың тәсілдерін және идиомалық оралымдарын білу, трансформациялау жолдарын жетік қолдануға құзіретті болу.

Пререквизиттер: NShTK 2107 Негізгі шетел тілі қағидалары – 1 / NShKG 2213 Негізгі шетел тілінің қолданбалы грамматикасы – 1

Постреквизиттер: МКК 3107 Мәдениетаралық қарым-қатынас / MSMA 3107 Мәдениет саласындағы мәтіндер аудармасы

2. ZhOOSZhKK 2218 Жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес– 4 кредит

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлық ұғымымен таныстыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы

мәдениет: мазмұны, рөлі мен функцияларының қыр-сырларын қарастыру.

Мазмұны: Бұл пәнде тарихи және қазіргі тұрғыдан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері байыпталады. Оның әмбебап мәнін, шығу табиғатын, сыбайлас жемқорлықтың орнықтылығы себептерін ашып көрсете отырып, жүйелі түрде зерттейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, мәдени, адамгершілік-этикалық аспектілерін талдайды

Нәтиже:

-Білімі: Сыбайлас жемқорлық ұғымы, жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудағы отбасы рөлі туралы түсінік қалыптастыру.

-Білігі: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет: мазмұны, рөлі мен функцияларымен танысып, оған қарсы дағдыларын қалыптастыру.

-Құзыреті: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие қалыптастырып, дұрыс шешім қабылдауға құзіретті болу.

Пререквизиттер: IsT 1206 Ислам теологиясы

Постреквизиттер: МКК 3107 Мәдениетаралық қарым-қатынас

V семестр

1. ShTPK 3302 Шетел тілінің практикалық курсы (B2) – 5 кредит

Элективті пәндер:

1. EShT 3215 Екінші шетел тілі (B1)- 5 кредит

Мақсаты: егізгі шет тілінің базалық курсы шет тілдерін әлеуметтік жағдайда үйрету үшін және шет тілін өз деңгейінде қалыптастыру үшін арналған

Мазмұны: Пәннің мақсаты студенттердің аймақтық құзыреттілігін қалыптастыру және оқытылатын шетел тілі елдерінің географиялық орналасуы мен табиғи жағдайларымен, халықтың ұлттық және әлеуметтік құрамымен, мемлекеттік құрылымымен және елдің қоғамдық-саяси өмірімен, әкімшілік-аумақтық бөлінуімен және ел экономикасының жалпы

сипаттамаларымен, ұлттық дәстүрлері мен мерекелерін талқылайды.

Нәтиже:

-Білімі: -грамматикалық сөз таптары (зат есім, артикль, сын есім, сөзжасамның, местоимение, глагол, наречие); - ең маңызды құбылыс синтаксис екінші шет тілінің: түрлері, жай және құрмалас, құрылымын үйренеді.

-Білігі: EshT 3205 Екінші шетел тілі B1-бастапқы деңгей талаптарына сай негізгі мәліметтерді үйренеді

-Құзыреті: елдің географиясы, саяси құрылымы, тарихы, мәдениеті, білімі, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы сөйлесу, пайдалану құзыреттілігі қалыптасады

Пререквизиттер: EShT 2210 Екінші шетел тілі (A2)

Постреквизиттер: EshT 3205 Екінші шетел тілі (B2) / EShTG 3205 Екінші шетел тілі грамматикасы (жалғастырушы деңгей)

2. EShTG 3215 Екінші шетел тілі грамматикасы (бастапқы деңгей) – 5 кредит

Мақсаты: екінші шетел тілі грамматикасының негіздерін оқып үйрену және алған білімдерін іс жүзінде тексеру

Мазмұны: екінші шетел тілі грамматикалық құбылыстары мен ережелері, жаттығу жаттығулары және материалды игеруге арналған бастапқы деңгейдегі коммуникативті сипаттағы ситуациялық тапсырмалар.

Нәтиже:

-Білімі: екінші шетел тілінің бастапқы грамматикалық ережелері мен құбылыстары.

-Білігі: - қарым-қатынас қажеттіліктеріне сәйкес өтілген тақырыптар бойынша өздерінің теориялық білімдерін қолдану;

-Құзыреті: коммуникативті сипаттағы әртүрлі ситуациялық тапсырмаларда өткен грамматикалық құрылымдарды қолдану

Пререквизиттер: EshT 3102 Екінші шетел тілі (A2)

Постреквизиттер: EshT 3205 Екінші шетел тілі (B2) / EShTG 3205 Екінші шетел тілі грамматикасы (жалғастырушы деңгей)

1. ZhAP 3221 Жазбаша аударма практикасы - 5 кредит

Мақсаты: Жазбаша аударма практикасы пәнінің теориялық мәселелері, жазбаша аудармаға қойылатын талаптар, орындалған жазбаша аударманың сапалық талдауының ережелерін, тіларалық қатынаста лингвистикалық және аудармашылық компетенцияларын жазбаша аудармада қалыптастыру.

Мазмұны: Жазбаша аударма практикасы кезінде студенттер лексикалық және грамматикалық трансформацияларды қолданады. Мәтінде берілген ақпараттың түрін ажыратады. Аударма жасау кезінде сөйлем құрылысы өзгеруінің әр-түрлі факторларын жан-жақты қарастырады.

Нәтиже:

-Білімі: Жазбаша аударма түрлерін және мәтіннің жанрын айқындайды.

-Білігі: Аударма жасауда аударылған мәтінді редакторлауды үйренеді.

-Құзыреті: Аударма жұмысында теориялық білімді практикалық негізде жүйелі пайдалану құзыреттілігі қалыптасады.

Пререквизиттер: МК 2206 Мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер: ААР 2303 Ауызша аударма практикасы / АР 3206 Аударма практикасы – 2

2. АР 3221 Аударма практикасы – 1 – 5 кредит

Мақсаты: Аударма жалпы заңдарын, аударманың қасиеттерін зерттеу. Көп мағыналы сөздердің лексико-семантикалық варианттары және оларды контекстке сәйкес таңдау. Аударма теориясы «жалпы аударма теориясы», «жеке аударма теориясы», және «негізгі аударма теориясы» бөлімдеріне арнайы тоқталу.

Мазмұны: Аударма процесінде әр түрлі тілдерде жазылған мәтіндердің арасындағы қарым-қатынастағы, термин мәселелерін қарастыру және аударма саласының жанрлық түрлері, іс-қағаздар, олардың аударылуы, термин мәселелерін қарастыру.

Нәтиже:

-Білімі: Аударма теориясын, аударма түрлерін қараастырып, сөздің көп мағаналығын жан-жақты қамти біледі.

-Білігі: Аударма теориясы «жалпы аударма теориясы», «жеке аударма теориясы», және «негізгі аударма теориясы» бөлімдерін меңгереді.

-Құзыреті: Аударманың лексико-семантикалық және фразеологиялық мәселелері туралы теориялық білімді практика кезінде жүйелі пайдалана алу құзыреттілігі қалыптасады.

Пререквизиттер: МК 2206 Мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер: ААР 2303 Ауызша аударма практикасы / АР 3206 Аударма практикасы – 2

3. КІс 3220 Қазақстандағы ислам (Майнордың 1-пәні) - 5 кредит

Мақсаты: Қазақстандағы исламның таралу тарихын білу; Құқықтық мәзһабтардың дәстүрге қатысты ұстанымдарын анықтау.

Мазмұны: Қазақ топырағына исламның таралу ерекшелігіне тоқталу, діни үкімдердің дәстүрге айналу кезеңдеріне мән беру; исламның таралу ерекшелігіне, тарихи кезеңдеріне мән беру.

Нәтиже:

-Білімі: дін исламның қазақ топырағындағы даму динамикасы мен түркілік дүниетанымымен сабақтастығын, қарым қатынасын үйлесімділікте зерттеу

-Білігі: Қазақ дәстүрі және дәстүрлі дініміз арасындағы тығыз байланысты меңгеру

-Құзыреті: Қазақ дәстүрі және дәстүрлі дініміз арасындағы тығыз байланысты меңгеру

Пререквизиттер: ІТ 3310 Ислам тарихы

Постреквизиттер: КОДТ 3311 Қазақ ойшылдары дін туралы

1. АМ 3222 Аударма мәселелері - 5 кредит

Мақсаты: Аударма мәселелері пәні бойынша аударма техникасының түрлеріне, аударма теориясының міндеттері және әдістеріне, аударманың негізгі аспектілеріне тоқталу. Аудармадағы негізгі аударма теориясы әр түрлі түпнұсқадағы жанрда жазылған мәтіндердің аудару процесінің қасиеттерін, осы процестердің құбылысына әсер ететін тілдік пішіндерін, оны жүзеге асырудың жағдайын айқындату.

Мазмұны: Аударманы лингвистикалық зерттеудің объектісі ретінде айқындау, оның басқа тілдік құбылыстарынан айырмашылығын нақтылау; аударма жүргізудің классификациялық негіздерін қарастыру; аударма эквиваленттік мәтіндер мен аударманың коммуникативті тең негіз ретінде айқындау жеке және арнайы аударма

теорияларының жалпы принциптері мен құрылымындық қасиеттерін әр түрлі тілдердің комбинациялары үшін қарастыру.

Нәтиже:

-Білімі: Теориялық бөлімдерден бөлек, аударма лингвистикасының құрамындағы аударма әдістемесіне үйрету, әр түрлі сөздіктерді құрастыру, бағалау әдісі мен аудармаларды өзгерту сияқты көптеген қосымша аспектілер жатады. Осының барлығы аудармашының қызметін жақсартады аударма теориясын, аударма түрлерін қарастырып, сөздің көп мағаналығын жан-жақты қамти біледі.

-Білігі: Аударма процессінің заңдылықтарын объективті түрде суреттеумен айналысады. Аударма механизмін суреттеу көмегімен ережелер мен принциптерді, әдістер мен аударма тәсілдерін құрастыра отырып, аудармашы өзінің алдына қойған мәселелерін сәтті түрде шеше алады.

-Құзыреті: Аударма процесінде әр түрлі тілдерде жазылған мәтіндердің арасындағы қарым-қатынас байқалады және аударма мәселелері туралы теориялық білімді практика кезінде жүйелі пайдалана отырып, қолдау дағдыларын қалыптастыру.

Пререквизиттер: МК 2206 Мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер: SSA 4220 Саяси саладағы аударма / ESSA 4220 Экономика және сауда-саттық саласындағы аударма

2. АМК 3222 Аударма мәселелері мен қиындықтар – 5 кредит

Мақсаты: Аударма мәселелері мен қиындықтары пәні бойынша аударма теориясының негізгі зерттейтін объектісі – түпнұсқа мен аударманың арасындағы ара қатынас және оны пайымдау мен қорытындылауды керек ететін нақты жайларға көшкен формаларының айырмашылығын түсініп, аударманың жеке элементтерін барлап байқау.

Мазмұны: Шет тіліне аударма кезінде аудару мәселелері мен қиындықтардың орнын толтыру. Жалқы есімдер мен географиялық атауларды аудару. Сөздердің бірігуі тәсілімен жасалған сөздер аудармасы мен еркін сөз тіркесін аударудың ерекшеліктерін қарастыру, аударма теорияларының жалпыпринциптерін меңгеру.

Нәтиже:

-Білімі: Аударма теориялық бөлімдерден бөлек, аудармада кездесетін қиындықтарды шешу мәселелерін әр түрлі сөздіктерден құрастыру, сөздің көп мағаналығын жан-жақты қамти біледі.

-Білігі: Аударма кезінде лексикалық және грамматикалық трансформацияларды қолдануды және аударма жұмысында негізгі мәтіннің түпнұсқасы мен құрамымен салыстыру жұмыстарын жүргізеді.

-Құзыреті: Аударма жүргізуі әдеби, этнографиялық аударма түрлерін, сонымен бірге әр түрлі мемлекеттердің аударма тарихын зерттейді. Қазіргі кездегі аударма жүргізудің ең бастысы «лингвистикалық аударма жүргізу» болып табылады әр түрлі тілдерде жазылған мәтіндердің арасындағы қарым-қатынас байқалады және аударма мәселелері туралы теориялық білімді практика кезінде жүйелі пайдалана отырып, аударманың бірліктерін айқындайды.

Пререквизиттер: МК 2206 Мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер: SSA 4220 Саяси саладағы аударма / ESSA 4220 Экономика және сауда-саттық саласындағы аударма

1. OShTShO 3217 Оқытылатын шетел тілінің шешендік өнері және аударма - 5 кредит

Мақсаты: оқытылатын шетел тіліндегі аналогияны, тропты, метафораны, метонимияны дұрыс түсінуге жол ашады. Шешендік қолданыстарды үйренеді.

Мазмұны: оқытылатын шетел тілінің шешендік өнерін түсіну үшін студент әуелі оқытылатын шетел тілінің тілінің әдебиетімен жетік таныс болуы қажет. өйткені оқытылатын шетел тілінің шешендік өнері сол елдің әдебиетімен тығыз байланысты. әр түрлі жанрда айтылған проза, поэзияның қамтыған риторикалық терминдер сонда ғана оқушыға ашық болады.

Нәтиже:

-Білімі: студенттің ана тілі мен оқытылатын шетел тіліндегі тіліндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көре алып, соған сәйкес мағына шығара алады. Оқытылатын шетел тілінің шешендік өнерге бағытталған шығармаларын аударғанда мағынаны түсіне алғандықтан еңбекте қателесуден сақтана алады.

-Білігі: студент шешендік өнер туындыларымен танысқанда терминдер мен қолданыстардың шеберлігін көре, тани алады.

-Құзыреті: оқытылатын шетел тілінің шешендік өнері қолданыс тапқан әдебиеттерді дұрыс түсіне алуға мүмкіндікке ие болу.

Пререквизиттер: ІА 2218 Идиомалық аударма / КТSA 2207 Контекстік тіркестік және стильдік аударма

Постреквизиттер: ВАКТА 3204 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы / ВТА 3204 Баспасөз тілі аудармасы

2. QShOzhA 3217 Қолданбалы шешендік өнер және аударма – 5 кредит

Мақсаты: Шешендік өнерді қамтыған шығармаларды оқыған соң оны өзінің қолданысында жүзеге асыруы. өзгелердің қолданысында дұрыс мағынасымен аударып, жеткізе алу.

Мазмұны: қолданбалы шешендік өнер көбіне қазіргі әдебиет шығармаларында қолданыста болады. Егер студент мұндай еңбектермен жұмыс істегісі келсе, онда шешендік өнердің қазіргі қолданыстарымен жіті таныс болуы керек. сонда оның бұл пәнді оқуындағы көзделген пайдасы артады.

Нәтиже:

-Білімі: Оқытылатын шетел тіліндегі сөздердің түрлі мағыналарын білуге мән беруі керек. Өйткені бір сөздің тура және ауыспалы мағыналары болады.

-Білігі: Шешендік өнерлерді аударуға машықтануға басты маңыз беруі керек. ол үшін тілдер мәдениеті мен әдебиеттеріндегі ерекшеліктер ұқсастықтарды оқып, танысу аса қажет.

-Құзыреті: Мұнда студент өз ана тілі мен араб тіліндегі еңбектерде кездесетін шешендік қолданыстардың мағынасын ашып беруге талпыныс жасауы керек. Мұндай талпыныс келешекте тілдер арасындағы аудармалық қарым-қатынаста зор үлесін тигізе алады.

Пререквизиттер: ІА 2218 Идиомалық аударма / КТSA 2207 Контекстік тіркестік және стильдік аударма

Постреквизиттер: ВАКТА 3204 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы / ВТА 3204 Баспасөз тілі аудармасы

3. TIсMTM 3214 Түркі ислам мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеті (Майнордың 2-пәні) - 5 кредит

Мақсаты: Студенттің тарихи санасын қалыптастыру, мұсылман түркі халықтары тарихының мәселелерімен шұғылдануға бағыттау. Тарихи даму дәуірлері, халықтардың этникалық дамуы туралы ғылыми түсініктерді тереңдету

Мазмұны: Исламға дейінгі түркілердің тарихына шолу. Түркілердің исламды қабылдауына дейінгі түркі-араб қатынастары. Түркілердің мұсылмандану процесі. Толунұлдары мемлекеті. Ихшидилер мен Саджұлдары мемлекеті. Саманилер мемлекеті, тарихы мен мәдениеті. Ғазнауилер мемлекеті. Қарахан мемлекетінің саяси тарихы. Қарахан мемлекетінің мәдениеті. Еділ Бұлғар хандығы. Селжұқтар мемлекетінің саяси тарихы. Селжұқтар мәдениеті. Мәмлүктер мемлекеті, тарихы мен мәдениеті. Хорезмшахтар мемлекетінің саяси тарихы. Алтын Орда мемлекеті, тарихы мен мәдениеті.

Нәтиже:

-Білімі: Түркі халықтарының ислам дінін қабылдау үдерісін, мұсылман мемлекеттерін құруларымен қатар, олардың мәдени және саяси тарихын меңгереді.

-Білігі: Түркі ислам мемлекеттерінің саяси тарихы мен мәдениеті туралы мәліметтерді игереді.

-Құзыреті: Қазақстан және жапсарлас аймақтардағы этникалық және мәдени құбылыстарды ажырата алады.

Пререквизиттер: ІТ 3310 Ислам тарихы
Постреквизиттер: КІs 3220 Қазақстандағы ислам

1. МКК 3224 Мәдениетаралық қарым-қатынас - 5 кредит

Мақсаты: студенттерде мәдениетаралық қатынас стратегиясын меңгеру және төл мәдениеті мен шетел мәдениеті білімі негізінде мәдениетаралық біліктілік қалыптастыру.

Мазмұны: Жоғары оқу орнын бітірген түлектердің сапалық сипаттамаларының негізгі талаптарының бірі – дүниетанымды және әдіснамалық мәдениетаралық шет тілін білу. Ол әлемді танудың түрлі жолдарын, белсенді, жетілген тұлғаны қалыптастыруды,

басқа да мәдениеттер өкілдерімен іс-қимылға лайықты әрекет ете алатындығын қамтамасыз етуге арналған. Болашақ маманның қалыптасуының тек қана кәсіби білімі мен дағдыларын ғана емес, сондай-ақ мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты кәсіби құзыреттілік үшін маңызы зор. Мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілік болашақ аудармашыларға өз білімдерін жақсартуға көмектеседі, оның мансабында икемді, бәсекеге қабілетті және табысты болуға мүмкіндік береді.

Нәтиже:

-Білімі: салыстырып отырған мәдениеттердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, мәдениетаралық қарым-қатынастың әр түрлі ситуациясына сәйкес қимыл көрсете алатын қимыл стратегиясын меңгеру.

-Білігі: тіл мен мәдениеттің өзара байланысына негізделген мәдениетаралық біліктілік қалыптастыру.

-Құзіреттері: кәсіптік қарым-қатынас және мәдениетаралық байланыс жасауға құзіретті болу.

Пререквизиттер: ІА 2218 Идиомалық аударма / КТSA 2207 Контекстік тіркестік және стильдік аударма

Постреквизиттер: КАА 3207 Көркем әдебиет аудармасы / ТТGhA 3207 Технологиялық терминдер және ғылыми аударма

2. MSMA 3224 Мәдениет саласындағы мәтіндер аудармасы – 5 кредит

Мақсаты: түпнұсқа мен аударма тілдерінің ұлттық-мәдени, тарихи-әлеуметтік айырмашылықтарын ескере отырып, аударма жасаудың амал-тәсілдерін талдау.

Мазмұны: Бұл пән аударманың қабылдаушы мәдениетке қалай әсер ететінін, оның мәдени-тарихи жағдайға, идеологияға, мәдени-лингвистикалық иерархияға және т.б. байланыстылығы туралы түсінік қалыптастырады. Курс барысында аударманың әртүрлі әдістері талданады, соның ішінде отандық дәстүр, әр дәуірдегі аудармалардан мысалдарын келтіріледі. Сонымен қатар қазіргі қазақ және шетел аударматануындағы аударманы зерттеудің негізгі бағыттарына шолу жасалады.

Нәтиже:

-Білімі: аударматанудың лингвистикалық және лингвомәдени мәселелерін қарастыру.

-Білігі: баламасыз лексиканың құрамын айқындау және сол сөздердің семантика-стилистикалық ерекшеліктерін жоғалтып алмай, басқа тілге аударуға машықтандыру.

-Құзіреттері: аудару үрдісінде көптеген қиындықтар туғызатын, ұлттық реалияларді (лингвокультуремалар, окказионализм, экзотизм, историзм және архаизмдер сияқты сөз топтамасы) анықтай білетін және аударма мәтінінде сәтті бере алатын аудармашылық лингвоэтникалық құзыретін қалыптастыру.

Пререквизиттер: ІА 2218 Идиомалық аударма / КТSA 2207 Контекстік тіркестік және стильдік аударма

Постреквизиттер: КАА 3207 Көркем әдебиет аудармасы ТТGhA 3207/ Технологиялық терминдер және ғылыми аударма

VI семестр

1. OnP 3304 Өндірістік практика -1 - 5 кредит

Элективті пәндер:

1. Sem 3219 Семантика - 5 кредит

Мақсаты: Курстың мақсаты студенттерді тілдік бірліктердің мағынасы мен олардың өзара әрекеттесуі мәселелеріне таныстыру.

Мазмұны: Таңбалық белгілер жүйесі туралы ғылым. сөз мағынасын, сөз құрамындағы элементтердің өзара мағыналық қарым-қатынасын, сөз мағынасы түрлерінің даму заңдылықтарымен таныстыру

Нәтиже:

-Білімі: Семантиканың негізін салушылар мен белгілердің түрлерін (белгіше, индекс, таңба) және белгінің жіктелуін білу жүйелер. Семиотиканың негізгі аспектілерін білу және түсіну (синтаксис, семантика, прагматика)

-Білігі: Тілдік белгілерді «оқып, тану», ақпаратты тасымалдайтын кодтарды анықтау, семиотикалық талдауды қолдану, материалдық мәдениет объектілерін зерттеу

-Құзіреттері: Белгілер туралы жалпы теориялық білімді меңгеріп практика жүйесінде құзыреттілігін қалыптастыру

Пререквизиттер: ААР 3206 Ауызша аударма практикасы / АР 3206 Аударма практикасы – 2

Постреквизит: DMA 4102 Діни мәтіндер аудармасы / ДКА 4102 Дипломатиялық құжаттарды аудару

2. ДАА 3219 Дискурс анализі және аударма – 5 кредит

Мақсаты: студентті негізгі аударма әдістерімен, терминологиялық аппаратпен дискурс пен мәтінді зерттеудің бағыттары мен әдістерін таныстыру,

Мазмұны: Жоғары оқу орнында оқитын студенттердің сапалық сипаттамаларының негізгі талаптарының бірі – шет тілін білу. Ауызша аударма практикасы кезінде білім алушылар сөздің мағынасын түсініп, дискурс анализдің маңыздылығын қарастырады.

Нәтиже:

-Білімі: Дискурс анализ арқылы балама аударма, жалпылама аударма, тура аударма түрлерін меңгереді.

-Білігі: Дискурсты анализді ауызша мен мәтіндерді аудару арқылы игереді.

-Құзыреті: Аударма жұмысында теориялық білімді практикалық негізде жүйелі пайдалану құзыреттілігі қалыптасады.

Пререквизиттер: ААР 3206 Ауызша аударма практикасы / АР 3206 Аударма практикасы – 2

Постреквизит: DMA 4102 Діни мәтіндер аудармасы / ДКА 4102 Дипломатиялық құжаттарды аудару

1. ВАКТА 3306 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы - 5 кредит

Мақсаты: аударма саласындағы болашақ мамандардың лингвоаудармалық құзыреттілігін арттыру, БАҚ мәтіндерімен және олардың аудармасымен жұмыс істеу процесінде мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамыту.

Мазмұны: Бұл пән студенттерді заманауи отандық және шетелдік БАҚ-пен таныстыруға, БАҚ тілін, атап айтқанда медиамәтіндердің лингвомәдени, жанрлық және стильдік ерекшеліктерін, оларды шет тілінен аударма тіліне аудару әдістерін меңгеруге бағытталған. Сондай-ақ кәсіби

сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сауатты жазу дағдыларын дамыту, тілдің грамматикалық құрылымы, мәтіннің мазмұнын, түпнұсқасын да, аудармасын да адекватты түрде түсіндіру.

Нәтиже:

-Білімі: негізгі және аударылатын тілдердің тілдік сипаттамасын, қазіргі әдеби және бұқаралық ақпарат құралдары тілдерінің ерекшеліктерін, тілдің грамматикалық құрылымын, негізгі тіл мен аударылатын тілдің стилін.

-Білігі: негізгі тілдің және оқытылатын тілдің грамматикалық құрылымдарын жазбаша және ауызша сөйлеуде қолдана білу;

-Құзыреті: негізгі тілдің және оқытылатын тілдің грамматикалық құрылымдарын жазбаша және ауызша сөйлеуде қолдана білу;

Пререквизиттер: ІА 2207 Идиомалық аударма / КТSA 2207 Контекстік тіркестік және стильдік аударма

Постреквизиттер: SSA 4220 Саяси саладағы аударма / ESSA 4220 Экономика және сауда-саттық саласындағы аударма

2. ВТА 3306 Баспасөз тілі аудармасы – 5 кредит

Мақсаты: Бұл пәннің мақсаты – баспасөз тілі аудармасы мәтіндерін, мерзімді баспа басылымдарын негізгі тілден аударма тіліне ауызша және жазбаша түрде адекватты түрде аударуға мүмкіндік беретін баспасөз тілін саласындағы базалық білімді меңгеру.

Мазмұны: Қазіргі баспасөз тілі аудармасы мәтіндерін барабар түсіну, қабылдау және аудару үшін қажетті білімді меңгеру

Нәтиже:

-Білімі: негізгі тілдің және оқытылатын тілдің тілдік құрылымы мен нормаларын, баспасөз тілінің ерекшеліктерін, БАҚ стилінің ерекшеліктерін, сонымен қатар этикалық кәсіби нормаларды білу.

-Білігі: баспасөз мәтіндерімен жұмыс істеуде негізгі және аударма тілдің экстралингвистикалық факторларын қолдану, баспасөздің тілдік стилін анықтау, БАҚ-тағы мәтіндердің ерекшеліктерін және оның ауызша және жазбаша аудармасын анықтау.

-Құзыреті: БАҚ ақпаратын талдай білу, БАҚ мәтіндерін талдау және баспасөз тілін қалай аудару жолдарын қолдану.

Пререквизиттер: IA 2207 Идиомалық аударма / KTSA 2207 Контекстік тіркестік және стильдік аударма

Постреквизиттер: SSA 4220 Саяси саладағы аударма / ESSA 4220 Экономика және сауда-саттық саласындағы аударма

1. EShT 3311 Екінші шетел тілі (B2) - 5 кредит

Мақсаты: B1 деңгейінде қалыптасақан тілдік дағдыларды дамыта отырып, білім алушыға жүйелі түрде тілді меңгерту. Сол арқылы білім алушының сатылай дамуын қамтамасыз ету.

Мазмұны: Негізгі тілдік төрт дағдыға негізделген теориялық және практикалық кешенді тіл курсы.

Нәтиже:

-Білімі: оқытылатын тілді кешеді түрде меңгеру. оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу дағдыларын дамыту.

-Құзіреттері: Студент осы курстан кейін шетел тілінде еркін оқып, жазып, тыңдап және сөйлей алу құзіреттілігін қалыптасырады.

Пререквизиттер: EhT 3215 Екінші шетел тілі (B1)

Постреквизиттер: ShTPK 4101 Шетел тілінің практикалық курсы (C2)

2. EShTG 3311 Екінші шетел тілі грамматикасы (жалғастырушы деңгей) – 5 кредит

Мақсаты: Оқытылатын екінші шетел тіліндегі сөйлемдерге кешенді талдау жасау арқылы тілдік дағдысын дамыту. Сонымен қатар бастапқы деңгейдегі тілдік дағдыларға грамматикалық тұрғыд практика жасау. Грамматикалық мекетептер арасындағы айырмашылықтарды салыстыра алу.

Мазмұны: Білім алушылар сөздің мағынасын түсініп, лексика және грамматикалық талаптарды, ұғымдарды жан-жақты қарастырады.

Нәтиже:

-Білімі: кешенді талдау тәсілдері мен айырмашылықтарын меңгереді.

-Құзіреттері: грамматиканы меңгеру арқылы, ережелердің мағынаға әсерін білу арқылы мәтінді дұрыс түсіну құзіреттілігі қалыптасады.

Пререквизиттер: EhT 3215 Екінші шетел тілі (B1)

Постреквизиттер: ShTPK 4101 Шетел тілінің практикалық курсы (C2)

1. ShTPK 3309 Шетел тілінің практикалық курсы (C1) - 5 кредит

Мақсаты: C1 дағдыларын қалыптастыруға жазбаша мазмұндау, өзіндік ой. Студенттердің кәсіби саласында білімдері мен машықтарын кеңейту және тереңдету.

Мазмұны: Пән әлеуметтік мәдени, экономикалық және саяси салалардағы ғылым мен техника саласындағы шет тілді қарым-қатынасының базалық бірліктерін жетілдіру, ауызша, жазбаша түрдегі әртүрлі функционалдық стильдердің мәтіндерін лингвистикалық, мәдениетаралық интерпретациялау іскерліктерін қалыптастырады; ауызша, жазбаша сөйлеудің лексикалық, грамматикалық, прагматикалық және дискурсивтік аспектілерін кеңейтуді дайындалған, ресми ауызша, жазбаша іскерліктерін жетілдіруді қалыптастыру.

Нәтиже:

-Білімі: білім алушылар кәсіби қызметінің түрлі салаларында қолдану үшін қажет білім алу.

-Білігі: шетел тілін қолдануға мүмкіндік беретін коммуникативті компетенцияны меңгеру.

-Құзыреті: білім жүйесін, интенцияны білдірудің прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде құзыреттілігін қалыптастыру.

Пререквизиттер: OShTShO 3217 Оқытылатын шетел тілінің шешендік өнері және аударма / KShOA 3217 Қолданбалы шешендік өнер және аударма

Постреквизиттер: RİKA 4104 Ресми іс-қағаздар аудармасы / ZSA 4104 Заң саласындағы аударма

2. AP 3309 Аударма практикасы – 2 – 5 кредит

Мақсаты: Аударма түрлері туралы түсінік қалыптастыру. Белгілі бір тілден екінші тілге

аудару барысында лексикалық, дискурсивті және стилистикалық қиындықтарды аудару дағдаларын қалыптастыру.

Мазмұны: Аударма ғылымының теориялық мәселелері, аударма жасау техникасы, әдіс-тәсілдері мен аудармаға және аудармашыға қойылатын талаптар, аударма саласының жанрлық түрлері, іс-қағаздар, олардың аударылуы, термин мәселелерін қарастыру.

Нәтиже:

-Білімі: аударма кезінде білім алушылар сөздің мағынасын түсініп, лексика және грамматикалық талаптарды, ұғымдарды жан-жақты қамти біледі.

-Білігі: Балама, тура, жалпылама аударма түрлерін меңгереді. Аударма жасауда сөздікпен жұмыс жасауды игереді.

-Құзыреті: аударма жұмысында теориялық білімді практика кезінде жүйелі пайдалана алу құзыреттілігі қалыптасады.

Пререквизиттер: OShTShO 3217 Оқытылатын шетел тілінің шешендік өнері және аударма / KShOA 3217 Қолданбалы шешендік өнер және аударма

Постреквизиттер: RИKA 4104 Ресми іс-қағаздар аудармасы / ZSA 4104 Заң саласындағы аударма

1. КАА 3307 Көркем әдебиет аудармасы - 5 кредит

Мақсаты: Көркем аудармада болашақ аудармашылардың жалпы мәдениетін байыту және студенттердің кәсіби қызметіне қажетті тілдік және мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Мазмұны: Көркем әдебиет аудармасы курсы кәсіби аудармашыны жан-жақты даярлауға, оның лингвистикалық және аудармашылық құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған.

Нәтиже:

Білімі: : мәдениетаралық коммуникациядағы көркем аударманың рөлі, көркем мәтіннің жасалу заңдылықтарын және оның негізгі қызметтерін; көркем аударманың принциптерін, тәсілдерін және әдістерін; көркем аударманың грамматикалық, лексикалық және стильдік аспектілерін білу, аударманың негізгі үлгілері, аударма түрлендірулері және оларды көркем аударма

мен оның нәтижелерін талдауда қолдану тәсілдерін білу.

-Білігі: түпнұсқа мен аударма мәтінінде жүзеге асырылатын мәдени және стилистикалық кодтарды анықтау, түпнұсқа мәтін құрылысының тілдік деңгейлерін және күрделі аударма үлгісін талдау, күрделі аударма үлгісінде лексикалық грамматикалық және стилистикалық құралдарды қолдану, көркем аудармадағы сәйкессіздіктер мен қателерді анықтау және түзету, көркем мәтіндерді олардың жанрлық ерекшелігі мен коммуникативтік-прагматикалық мақсатын ескере отырып аудару;

-Құзыреті: көркем аударма барысында туындайтын лексикалық, грамматикалық және стилистикалық қиындықтарды жеңу жолын студенттерге меңгеру;

Пререквизиттер: OShTShO 3217 Оқытылатын шетел тілінің шешендік өнері және аударма / QShOA 3217 Қолданбалы шешендік өнер және аударма

Постреквизиттер: SSA 4220 Саяси саладағы аударма / ESSA 4220 Экономика және сауда-саттық саласындағы аударма

2. TTGhA 3307 Технологиялық терминдер және ғылыми аударма – 5 кредит

Мақсаты: Бұл курстың мақсаты студенттерді ғылыми-техникалық мәтіндерді аудару нормаларымен, ғылыми-техникалық терминологиямен таныстыру.

Мазмұны: Технологиялық терминдер және ғылыми аударма курсы ғылыми-техникалық ақпараттың негізгі түрлерін және аударудың практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Нәтиже:

- Білімі: ғылыми-техникалық сипаттағы мәтіндерді аудару ерекшеліктері, техникалық терминологияны аудару процесінің ерекшеліктері, ғылыми-техникалық сипаттағы мәтіндерді аудару процесінің кезеңдері, әр кезеңдегі жұмыс технологиясы мен әдістерін білу;

- Білігі: ғылыми-техникалық әдебиеттер мәтініне аударма алдындағы талдау және мәтінге аудармадан кейінгі талдау жүргізу; техникалық терминдер аударманың әртүрлі

түрлерін қолдана отырып, түпнұсқаның мәтінін талдау;

- **Құзыреті:** бастапқы мәтінді тілдік түрлендіру құралы ретінде лексикалық, грамматикалық, стилистикалық түрлендірулер жүйесі, терминологияны аудару тәсілдері, күрделілігі әртүрлі ғылыми-техникалық әдебиеттердің мәтіндерін аудару тәжірибесін жинақтау;

Пререквизиттер: OShTShO 3217 Оқытылатын шетел тілінің шешендік өнері және аударма / KShOA 3217 Қолданбалы шешендік өнер және аударма

Постреквизиттер: SSA 4220 Саяси саладағы аударма / ESSA 4220 Экономика және сауда-саттық саласындағы аударма

3. KODT 3311 Қазақ ойшылдары дін туралы (Майнордың 3-пәні)

- 5 кредит

Мақсаты: Ойшыл, ойшылдық, даналық ұғымдарын ашып көрсету

Мазмұны: Қазақ топырағынан шыққан ортағасырлық ғұламалар мен хандық кезеңдегі жыраулар поэзиясы, зар заман ақындары мен соңғы ғасырда ыдана-ойшылдардың шығармаларындағы діни көріністерді қарастыру. Астарына үңіліп, талдау жасау.

Нәтиже:

-**Білімі:** Қазақ дүниетанымын терең игеру, отандық кемеңгерлер еңбегін зерделеу

-**Білігі:** сараптамалық, талдаулық зерттеулерде қазақ дүниетанымы саласының маңыздылығын ескере білу

-**Құзыреті:** отандық дінтану ғылымының спецификасын ескеру, өзіндік артықшылықтарын игеру

Пререквизиттер: IsFK 2309 Ислам философиясына кіріспе

Постреквизиттер: QSD 4222 Қазақ салт-дәстүрлері

VII семестр

1. OnP 4304 Өндірістік практика-2 - 5 кредит
2. AZh 4211 Академиялық жазылым – 5 кредит

Элективті пәндер:

1. DMA 4225 Діни мәтіндер аудармасы - 5 кредит

Мақсаты: Студентті аударма тілдерін үйрету арқылы діни мәтіндермен тереңірек танысуға мүмкіндік жасау. және діни мәтіндердің бұрмаланып аударылуы салдарынан шығатын қате пікірлердің алдын алу.

Мазмұны: Діни мәтіндердің алдында Құран Кәрім мен хадистер болғандықтан дұрыс түсінік пен анық, ашық аудармалар қажет. Ол мәтіндердің тәфсирлері мен түсіндірмелері қоғамға өте маңызды. Осы тұрғыда сапалы аударма жасай алудың мәні зор.

Нәтиже:

-**Білімі:** Студенттер діни саладағы материалдармен аударма мақсатында әбден қанық бола алады. Діни терминдерді еркін қолдана алуды үйренеді. Оқытылатын шетел тіліндегі сөздердің тілдік мағынасы мен діни терминдік мәнін біле алатын болады.

-**Білігі:** Діни саладағы құжаттық, аударма, баспасөз қызметтеріне дайын болады. Ондай мамандардың болуы біздің қазіргі кездегі уақытымыз бен қоғамымызда өте керекті маман саналады.

-**Құзіреттері:** “Діни мәтіндер аудармасы” пәнінен алатын білімдерін дін істерінде және сол ортада қолдануда қиындықтарды жеңе алады. Өзінің түсінген ойын аудару барысында оқытылатын шетел тілінен өз тіліне еркін, *түсінікті тілде, қоғамға ашып жеткізе алатын болады.*

Пререквизиттер: KAA 3307 Көркем әдебиет аудармасы / TTGhA 3307 Технологиялық терминдер және ғылыми аударма

Постреквизиттер: AIZT 4212 Аударма ісіндегі заманауи технологиялар

2. DKA 4225 Дипломатиялық құжаттарды аудару – 5 кредит

Мақсаты: Студенттің дипломатиялық құжаттарды еркін аударудағы шеберлігін арттыру. Сондай-ақ осы саладағы тіл байлығы мен сөздік қорын байыту. Қазіргі кездегі саяси өмір мәселелеріне қатысты басқа тілдегі басылымдардағы ақпараттарды жеңіл игеру.

Мазмұны: Саяси, дипломатиялық салаларда жеке-дара жұмысқа дайындыққа баулитын тақырыптарды ұсынады.

Нәтиже:

-Білімі: Студенттің саяси терминдерді сөйлеу барысында еркін қолдануына жол ашады. өз тілі немесе екінші тілі мен оқытылатын шетел тіліндегі интервьюге дайын бола алады.

-Білігі: Саяси саладағы терминдерді қолдануға жатық болады. Сөздік қоры артады. Дипломатиялық қарым-қатынас тілдерін қолданудағы қыр-сырларын аша алатын болады.

-Құзіреттері: “Дипломатиялық құжаттарды реттеу” ісінде шебер меңгеріп, жоғары деңгейде жеткізе алу.

Пререквизиттер: КАА 3307 Көркем әдебиет аудармасы / TTGhA 3307 Технологиялық терминдер және ғылыми аударма

Постреквизиттер: AIZT 4212 Аударма ісіндегі заманауи технологиялар

1. SSA 4220 Саяси саладағы аударма - 5 кредит

Мақсаты: «Саяси саладағы аударма» пәнінің басты мақсаты саяси саладағы аудармашылардың мәдени және кәсіби қарым-қатынастық күзіреттілігін жоғары базалық стандарттық білімді қалыптастыру. «Саяси саладағы аударма» – қазақ және орыс тілді курстарында студенттер ресми-іскери, қоғамдық-саяси салада қолданылатын лексикалық қорды игеру.

Мазмұны: Саяси саладағы аударма пәні бойынша теориялық және практикалық мәселелер қарастырылады. Аударма ісі мамандығында оқитын студенттер үшін «Саяси саладағы аударма» пән - өзекті. «Саяси саладағы аударма» пән шетел тілін қазақ немесе орыс тілді дәрісханаларда кәсіби тілге бейімдей оқытуға және іскерлік дағды-машықтарды қалыптастыруға бағытталған.

Нәтиже:

-Білімі: Студенттер «Саяси саладағы аударма» мамандығы бойынша сұхбаттар жүргізе алуын қамтамасыз ету. Мамандық саласына қарай жиі кездесетін лексиканы, ғылыми терминдерді, күрделі синтаксистік құрылымдарды қолдану және хаттар, баяндамалар, пікірлер, эссе жазуға үйренеді.

-Білігі: Мамандық бойынша мәтіндерді, нұсқауларды оқып, түсінуге дағдылану.

Сонымен қатар, радио, теледидардан саяси ақпараттар тыңдап, түсінуге машықтану. Саяси кәсіби сөйлеу жағдаяттарында сұхбат түрлеріне еркін араласып, сөйлесу, әңгімені қолдау дағдыларын қалыптастырады.

-Құзыреті: «Саяси саладағы аударма» пәнінен алған білімдерін саяси ортада қиындықсыз қоданысқа түсіре алады. Саяси саладағы стильде жазылған еңбектер мен ғылыми зерттеулерді оқып алған білімдерін тәжірибеде іске асыра алады.

Пререквизиттер: ААР 3206 Ауызша аударма практикасы /АР 3206 Аударма практикасы – 2

Постреквизиттер: жоқ

2. ESSA 4220 Экономика және сауда-саттық саласындағы аударма – 5 кредит

Мақсаты: «Экономика және сауда-саттық саласындағы аударма» пәні нарықтық жағдайда шаруашылық жүргізудің және сауда-саттықпен айналысудағы басты экономикалық механизмін зерттеу негізіне байланысты аударма жасауды үйретеді. Сонымен қатар, студенттердің экономикалық ой-өрісін шетел тілінде аударма жасата отырып дамыту болып табылады.

Мазмұны: «Экономика және сауда-саттық саласындағы аударма» пәні кәсіпорын мәнін, оның ұлттық экономика жүйесіндегі орны және рөлімен танысып, нарықтық қатынастарды мемлекеттік реттеуді ескере отырып аударма жасауды қалыптастырады.

Нәтиже:

-Білімі: Білім алушылар қаржы және экономика саласы терминдерін шетел тіліне аудару ерекшеліктерін игереді Сауда-саттық және экономика терминдерінің ерекшеліктеріне мән беріп аударма жасай алады. Терминдердің шетел тілінен ана тіліне немесе немесе қана тілінен шетел тіліне аудару барысындағы лексикалық-грамматикалық ерекшеліктерін ажырата біледі.

-Білігі: Экономика және сауда-саттық саласы тақырыбы аясында аударма жасау барысында білім алушылардың өндірістік бағдарламасының жоспарлануын, өнімнің және өндірістің табыстылығын есептеуін және өндірістік-шаруашылық қызметінің

қаржы жоспарын құрастыруда аудармалар жасай алу қабілеттері қалыптастырады.

-Құзыреті: Білім алушылар экономика саласында кәсіпорын экономикасының теориялық негіздері мен тәжірибесін, негізгі қорлары мен айналым құралдарының жіктелу қағидаларын түсінгенін және еңбекақыны есептеу ептілігін көрсете ала отырып, шетел тіліне аударма жасай алу қабілетіне ие болады.

Пререквизиттер: ААР 3206 Ауызша аударма практикасы / АР 3206 Аударма практикасы – 2

Постреквизиттер: жоқ

1. ShTPK 4310 Шетел тілінің практикалық курсы (С2) - 5 кредит

Мақсаты: Студенттердің естігендерінің немесе оқығандарының бәрін оңай түсінуге, ауызша да, жазбаша да әртүрлі қайнар көздеріндегі ақпаратты жалпылауға, талқылауға бағытталған шет тіліндегі түпнұсқа мәтіндердің кең спектрі қарастырылады.

Мазмұны: қызметінің түрлі салаларында лексикалық, грамматикалық минимумдарды С 2 деңгейіне сәйкестіктерді ұстанып. лексика, сөзжасам үлгілерін, көпмағыналы сөздердің мәнмәтіндік мағынасын үйрету.

Нәтиже:

-Білімі: Білім алушылардың оқыту пәні бойынша жаңа лексикалық және грамматикалық құбылыстарды қамтитын тілдік үлгілерді игеру арқылы жазбаша және ауызша тілдік дағдыларын меңгереді.

-Білігі: шетел тілін қолдануға мүмкіндік беретін коммуникативті компетенцияны жасай алу қабілетін қалыптастырады.

-Құзыреті: Кәсіптік қарым-қатынас және мәдениетаралық байланыс жасауға білім жүйесін интенцияны білдірудің прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде білу негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдай және пайдалана алып, әртүрлі тақырыптар аясында коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастыру.

Пререквизиттер: Sem 3219 Семантика / DAA 3219 Дискурс анализі және аударма

Постреквизиттер: AIZT 4212 Аударма ісіндегі заманауи технологиялар

2. ZSA 4310 Заң саласындағы аударма – 5 кредит

Мақсаты: Бұл пән заң тілінің нақты, тиянақты, қоғамдық қатынастарды нәтижелі реттелуінің, толыққанды жүзеге асырылуының маңызды кепілдіктерінің бірі екендігін ескере отырып аударма жасауға үйретеді. Заң саласына аударма жасау пәні білім алушыға ұлт пен мемлекет мүддесін, адам құқықтарын қорғайтын заңдардың тілі де жоғары талаптарға сай аударылуы керек екенін түсіндіреді.

Мазмұны: Заң саласындағы аударма пәні заң саласындағы терминдерді игертеді. Құқық саласына қатысты және әртүрлі тілдерде сөйлейтін адамдар арасында құқықтық ақпарат алмасу үшін қолданылатын мәтіндердің аудармасын жасай алуына және заңды ақпаратты беру үшін заңды аударма тілі ерекше дәл, анық және сенімді болуын қадағалайды.

Нәтиже:

-Білімі: Заң саласына аударма жасай алу нәтижесіне қол жеткізе отырып, білім алушы мәтіннің грамматикалық және стилистикалық ережелерінен басқа, өзге елдің құқықтық жүйесіне сәйкес құрылған мәтінді түсіне біледі.

-Білігі: Білім алушылардың заң терминологиясына, нотариалды куәландыруға арналған аудармаларды, заң құжаттарының аудармаларын дұрыс және сауатты ресімдеулерін, шетел тіліндегі терминдердің, атаулар мен қысқартулардың көптігіне байланысты дұрыс аударма жасай алу қабілетін қалыптастырады.

-Құзыреті: Заң саласында аударма жасау барысында білім алушының кәсіби коммуникативті және аударма жасай алу қабілеттерін игереді. Сонымен қатар, заң саласындағы аударма пәнінде құқықтық аударманы оқыту тәжірибеге бағытталған болуы және мәтіндер мен құжаттарды жазбаша аудару дағдыларын меңгереді.

Пререквизиттер: Sem 3219 Семантика / DAA 3219 Дискурс анализі және аударма

Постреквизиттер: AIZT 4212 Аударма ісіндегі заманауи технологиялар

1. SA 4308 Синхронды аударма - 5 кредит

Мақсаты: Студентке синхромды аударма тәсілдерін және теориясымен бірге практиксын меңгерту.

Мазмұны: Аударма тарихы түрлері, тәсілдері, айырмашылықтары және аударма теориясы.

Нәтиже:

-Білімі: Студент аударма теориясын практикасымен бірге меңгереді. Сонымен қатар өз саласында оны қолдана біледі.

-Білігі: Студент синхромды аударма жасауға машықтанып, салалық аудару бойынша машықтанады.

-Құзіреттері: Болашақ маманды даярлау барысында жұмыс майданына дайын машықтанған, әртүрлі сала бойынша аударма жасай алатын құзірттілігін қалыптастыру.

Пререквизиттер: OShTShO 3217 Оқытылатын шетел тілінің шешендік өнері және аударма / QShOA 3217 Қолданбалы шешендік өнер және аударма

Постреквизиттер: AIZT 4212 Аударма ісіндегі заманауи технологиялар

2. ASD 4308 Ауызша сөйлеудің дамуы (негізгі тіл) – 5 кредит

Мақсаты: Студент тіл меңгеру барысында тек теориямен шектелмеу керек. Тіл парктикалық курс. сондықтан болашақ маман толыққанды маман болу үшін сөйлеу дағдысын жан-жақты дамыта отырып тілді меңгерті.

Мазмұны: Сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған тілдік практикалық курс.

Нәтиже:

-Білімі: Студент сөйлеу дағдысын қалыптастыру арқылы теориядан практикаға көшеді.

-Білігі: Сөлеу дағдысын қалыптастыру арқылы шетел тілінде ойлау жүйесін қалыптастыра алады.

-Құзіреттері: Осы практикум арқылы студент шетел тілінде еркін сөлеу, мәдени қарым-қатынас жасау құзіреттілігін қалыптастырады.

Пререквизиттер: OShTShO 3217 Оқытылатын шетел тілінің шешендік өнері және аударма / QShOA 3217 Қолданбалы шешендік өнер және аударма

Постреквизиттер: AIZT 4212 Аударма ісіндегі заманауи технологиялар

VIII семестр

1. AIZT 4212 Аударма ісіндегі заманауи технологиялар – 4 кредит
2. OnP 4304 Өндірістік практика-3 - 5 кредит
3. QAP 4304 Қорытынды аттестаттау практикасы - 4 кредит
4. DJQ Диплом жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру - 12 кредит

1. GZhZh 4223 Ғылыми жұмысты жоспарлау - 5 кредит

Мақсаты: Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау болашақ ғылыми-зерттеу жұмысын дұрыс ұйымдастырумен, жоспарлаумен, рәсімдеуге қажетті әдістермен және тәсілдермен таныстыру. Болашақ маман иесінің ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру мен жоспарлау ісінде кәсіби құзырлығын қалыптастыру.

Мазмұны: студенттердің ғылыми-зерттеу және оның түрлері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру

Нәтиже:

-Білімі: зерттеу тақырыбын анықтау және өзектілігін нақтылау, эмприкалық зерттеу әдістерін тәжірибеде пайдалана білу, озық тәжірибелерді білу.

-Білігі: ғылыми жұмысты жазу барысында функционалдық сипаттамасын аша білу.

-Құзыреті: лингвистикалық, тарихи білім жүйесін түсіну, олардың ішіндегі грамматикалық, лексикалық, сөзжасамдық құбылыстарды қарастыру, лексикалық бірліктің дамуының факторлары мен заңдылықтары, оның құрылымдылық мағыналық және семантикалық ерекшеліктерін, ғылыми жұмыстарды жоспарлау жолдарын білу, зерттеу әдістерін меңгеру.

Пререквизиттер: IA 2218 Идиомалық аударма /KTSA 2207 Контекстік тіркестік және стильдік аударма

Постреквизиттер: жоқ

ZA 4223 Зерттеу әдістері – 5 кредит

Мақсаты: Ғылыми зерттеу жұмысы зерттеу әрекетінің түрлерін және оны ұйымдастыру әдістемесін, әдебиеттерге талдау жасауды,

ғылыми мақалаларды, курстық және диплом жұмысын жазу әдістемесін меңгеруге бағыттау.

Мазмұны: зерттеудің әдістері туралы білімдерін тереңдету, ғылыми әдебиеттерді таңдауға үйретеді.

Нәтиже:

-Білімі: студенттерді зерттеу әдістерімен таныстыру.

-Білігі: Ғылыми зерттеу жүргізуде қабілетті болашақта мамандығында пайдалану.

-Құзыреті: Болашақ маман иесінің зерттеуді ұйымдастыруды ісінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Пререквизиттер: IA 2218 Идиомалық аударма/ KTSA 2207 Контекстік тіркестік және стильдік аударма

Постреквизиттер: жоқ